



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№17 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2010 жылғы 14 шілде

Қаржы нарығындағы ахуал, төлем балансы,
сыртқы борыш және МВА бағдарламасы
бойынша Магистратура туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2010 жылғы маусымда 0,2% (2009 жылғы маусымда – 0,4%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1% (0,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,5% (0,6%) және ақылы қызмет көрсету 0,1% (0,4%) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында өткен айда көп дәрежеде темекі бұйымдары - 2,3%, ет өнімдері – 0,7%, алкогольсіз сусындар – 0,5% қымбаттады. Жұмыртқа бағасының 6,9%, қант – 1,9%, сүт өнімдері – 0,9%, нан өнімдері және жарма бұйымдары – 0,4%, оның ішінде ұн – 2,2%, күріш – 1,2% төмендеуі байқалды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында көбінесе, бензиннің бағасы – 2,5%, дизель отыны және дәрі-дәрмектер – 0,5%, киім және аяқ киім – 0,4% өсті.


Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету саласында қоқыс жинауға арналған тарифтер - 1,5%, тұрғын үйді жөндегені және оған арналған тауарлар үшін – 1,2%, тұрғын үйді ұстағаны үшін – 0,8%, тұрғын үйді жалға алғаны үшін – 0,6% ұлғайды. Бұдан басқа, мейрамханалар және қонақүйлер қызметі – 1,2%, амбулаторлық қызмет көрсету – 1,0%, салт-жоралғы қызмет көрсету – 0,8% қымбаттауы байқалды.

2010 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша инфляция 4,4% (2009 жылғы 1-жартыжылдық үшін – 3,9%) қалыптасты.

2010 жылғы қаңтар-маусымда инфляцияның жедел қарқындауы азық-түлік тауарларының және ақылы қызмет көрсетудің едәуір қымбаттауына себепші болды, осы кезеңде олардың бағасы 5,6% және 4,6% (2009 жылғы қаңтар-маусымда – тиісінше 3,5% және 3,3%). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 2,7% (4,9%) қымбаттады (1-график).

1-график

2009 және 2010 жж. 1-жартыжылдығындағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2010 жылғы маусымның қорытындылары бойынша инфляция жылдық көрсетуде 6,8% (2009 жылғы желтоқсанда – 6,2%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,1% (3,0%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,3% (8,6%), ақылы қызмет көрсету – 9,7% (8,4%) өсті.

2. Төлем балансы және жалпы сыртқы борыш (түпкілікті бағалау)

2010 жылғы 1-тоқсанда ағымдағы операциялар шотының профициті 2009 жылғы 1-тоқсандағы 1,2 млрд. АҚШ долл. дефицитпен салыстырғанда 3 млрд. АҚШ долл. жуық болды, ЖІӨ-ге қатынасы бойынша 11,3%-ға қалыптасты.

2010 жылғы 1-тоқсанда сауда балансы 2009 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 4 есе (2009 жылғы 1-тоқсанда – 2,0 млрд. АҚШ долл.), ал 2009 жылғы 4-тоқсанға қарағанда 32,2% ұлғайып, 8,2 млрд. АҚШ долл. тең оң сальдомен қалыптасты.

2010 жылғы қаңтар-наурызда тауарлар экспорты 2009 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 66,9% ұлғайып, 13,6 млрд. АҚШ долл. болды. Ресми экспорт 13,5 млрд. АҚШ долл. болды, оның ішінде 8,6 млрд. АҚШ долл. (63,0% астам) мұнай мен газ конденсаты экспортына тиесілі (2009 жылғы 1-тоқсанда – 4,6 млрд. АҚШ долл.). Қара металдар экспортының құны 32%-ға, түсті металдардікі 69%-ға ұлғайды. Бұл ретте мұнай мен газ конденсатының сандық жеткізулері 2009 жылғы 1-тоқсанның деңгейінде қалды. Қара металдар экспортының ұлғаюы сандық көлемнің ұлғаюына, ал түсті металдар экспортының ұлғаюы келісімшарттық бағалардың өсуіне байланысты болды.

Тауарлар импорты өткен жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 11%-ға төмендеп, 5,4 млрд. АҚШ долл. бағаланады. Ресми импорт 5,3 млрд. АҚШ долл. болды (2009 жылғы 1-тоқсанда – 6,0 млрд. АҚШ долл.). Бұл ретте импорттың төмендеуі басым дәрежеде инвестициялық тауарлар импортының 35,0%-ға қысқаруына себепші болды. Негізгі номенклатураның қалған тауар топтары бойынша импорттың ұлғаюы байқалады. Есепті тоқсанда импорттың құнында барынша көп үлесті құраған аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импорты 2009 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 17,0%-ға, тұтыну тауарларының импорты 5,0%-ға ұлғайды. Тұтынушылық импорттың құрылымында азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың жиынтық әкелінуі тиісінше 9,0%-ға және 2,0%-ға өсті.

2010 жылғы қаңтар-наурызда қызмет көрсету балансының дефициті 2009 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 28,9%-ға (1,1 млрд. АҚШ долл.) ұлғайып, 1,4 млрд. АҚШ долл. бағаланады.

3,7 млрд. АҚШ долл. болған кірістер балансының дефициті басым дәрежеде тікелей шетелдік инвесторларға кірістер төлеумен қамтамасыз етілді (3,2 млрд. АҚШ долл.).

2010 жылғы 1-тоқсанда капиталмен және қаржымен операциялар шоты бойынша нетто-ағын 2,2 млрд. АҚШ долл. болды. Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза түсуі 3,3 млрд. АҚШ долл. құрады, ал шетелге тікелей инвестициялар бойынша нетто-кету 0,1 млрд. АҚШ долл. жуық болды. Нәтижесінде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 3,2 млрд. АҚШ долл. бағаланып отыр.

Есепті кезең ақшаны іс жүзінде қозғамай, құралдар мен қатысушыларды қайта жіктеуге байланысты операциялардың айтарлықтай сомасымен сипатталады. Бұл «Альянс Банк» АҚ еурооблигацияларының (1 млрд. АҚШ долл. жуық) жаңа шығарылымдарына және оның борыштарын қайта құрылымдауды аяқтау, сондай-ақ қазақстандық банктердің («Қазкоммерцбанк» АҚ және «Центркредит Банкі» АҚ) арнайы мақсаттағы кәсіпорындарының (АМК) 3,7 млрд. АҚШ долл. жуық сома еурооблигациялары бойынша эмитентті ауыстыру нәтижесінде оның сыртқы кредиторлар алдындағы берешегінің бір бөлігін жоюға (кешіруге) қатысты. Мұндай операциялардың жалпы көлемі 7 млрд. АҚШ долл. жуық сомада қалыптасты.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 1-тоқсандағы **жалпы сыртқы борышы (ЖСБ)** 1 млрд. АҚШ долл. төмендеді және 2010 жылғы 31 наурызда 110,7 млрд. АҚШ долл. болды. Банктердің борышы басқа секторлардың борышы 2,5 млрд. АҚШ долл. ұлғайған кезде 3,9 млрд. АҚШ долл. азайды, бұл ретте ұлғаю фирмааралық берешектің ұлғаюы есебінен болды. «Мемлекеттік басқару» секторының (Қазақстан Республикасының Үкіметі)

сыртқы міндеттемелері 46 млн. АҚШ долл. өсті. Ақша-кредиттік реттеу органдарының резидент еместер алдындағы ұзақ мерзімді борыштық міндеттемелері ретінде ЖСБ-қа ұсынылған Халықаралық Валюта Қорына (ХВФ) мүше мемлекеттердің резервтік активтерінің толықтырылуын ескере отырып, экономиканың осы секторының борышы 1,4 млрд. АҚШ долл. болды.

Басқа секторлардың борышы өсімінің басым бөлігі мемлекеттің қолдауымен ірі инфрақұрылымдық және өзге де жобаларды қаржыландыру үшін тартылған ұзақ мерзімді заемдарға тиесілі. Мәселен, Солтүстік Каспий, Қазақстан-Қытай газ құбыры және құбырлары бойынша жобаларға сыртқы қаржыландырудың таза ағыны 2 млрд. АҚШ долл. астам (басқа секторлардың сыртқы борышының жалпы өсімінен 84%) болды.

Сыртқы борыштың салыстырмалы өлшемдері біршама жақсаруды көрсетті. Бұл борыштың төмендеуіне, сол сияқты тауарлар және қызмет көрсету экспорты көлемінің, сондай-ақ ЖІӨ-нің қаңтар-наурызда артуына байланысты болды, олармен сыртқы борыштың көлемі салыстырылады. Атап айтқанда, 2010 жылғы 31 наурызда ЖСБ-тың ЖІӨ-ге қатынасы 2009 жылдың аяғындағы 102,4%-дан 97,8%-ға дейін төмендеді. ЖСБ-тың тауарлар және қызмет көрсету экспортына (ТҚЭ) қатынасы да жақсарды және 2009 жылдың аяғындағы 231,7%-дың орнына 206,6% болды.

2010 жылғы 1-тоқсанда ұзақ мерзімді борышқа қызмет көрсету ауыртпалығын сипаттайтын көрсеткіш – борыштың ТҚЭ-на қызмет көрсету бойынша төлемдердің қатынасы - 35,8% (2009 жылы 63,5%) болды. Бұл ретте қызмет көрсету сомасына «Альянс Банк» АҚ-ның оның берешегін қайта құрылымдау талаптары бойынша біржолғы төлемі қосылады және қайта құрылымдау барысындағы басқа банктердің міндеттемелері кірмейді.

3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2010 жылғы маусымда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 26,1 млрд. АҚШ долл. дейін 5,8% төмендеді (жыл басынан бастап – 15,8% өсті). Ішкі валюта нарығында валютаны сату, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету жөніндегі операциялар және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі валютаның Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 2010 жылғы маусымда 6,2% төмендеді, алтындағы активтер 2,2% азайды.

2010 жылғы маусымда тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (26,5 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда 2,8% төмендеп, 53,1 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бастап – 12,0% өсті).

Ақша базасы 2010 жылғы маусымда 8,7% ұлғайып, 2 738,4 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бастап – 11,7% ұлғайды). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2 218,4 млрд. теңгені құрады.

2010 жылғы мамырда ақша массасы банк жүйесінің ішкі активтерінің өсуі есебінен 8050,5 млрд. теңгеге дейін 0,5% шамалы өсті (жыл басынан бастап – 7,5%).

2010 жылғы мамырда айналыстағы қолма-қол ақша 3,4% өсіп (жыл басынан бастап – 8,4%), 990,6 млрд. теңгені құрады, банк жүйесіндегі депозиттер 7060,0 млрд. теңгеге дейін 0,1% шамалы өсті (жыл басынан бастап – 7,4%). Депозиттердің өсуімен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақша көлемі өсуінің басым қарқыны ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2010 жылғы сәуірдегі 88,0%-дан 2010 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша 87,7%-ға дейін төмендеуіне себепші болды.

Ақша базасының сығымдалуы аясында ақша массасының өсуі салдарынан ақша мультипликаторы 2010 жылғы сәуірдегі 3,02-ден 2010 жылғы мамырда 3,20 -ға дейін өсті.

4. Валюта нарығы

2010 жылғы маусымда теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 АҚШ доллары үшін 146,65-147,55 теңге диапазонында өзгерді. 2010 жылғы маусымда теңге 0,6% әлсіреп, айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 147,55 теңге болды.

Қазақстан Қор биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді ескере отырып 2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 7,8% өсіп, 5,5 млрд. АҚШ долл. болды.

Биржадан тыс валюта нарығында операциялар көлемі 22,8% төмендеп, 5,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы маусымда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 4 аукцион болды. Оларға 12 айлық МЕККАМ (7,2 млрд. теңге), 3 жылдық МЕОКАМ (6,7 млрд. теңге), 7 жылдық МЕУКАМ (12 млрд. теңге), 19 жылдық МЕУЖКАМ (12 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 12 айлық МЕККАМ бойынша 2,00%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша 3,63%, 7 жылдық МЕУКАМ бойынша 6,00%, 19 жылдық МЕУЖКАМ бойынша инфляция деңгейінен 0,01% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 1,3% ұлғайып, 2010 жылғы маусымның аяғында 1498,5 млрд. теңге болды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары. Ұлттық Банк ноталарының эмиссия көлемі 2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 35,1% азайып, 2010 жылғы маусымда 174,6 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2010 жылғы мамырдағы 1,01%-дан 2010 жылғы маусымда 1,28%-ға дейін өсті.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 2010 жылғы маусымның аяғында 5,8% азайып, 990,3 млрд. теңге болды.

6. Банкаралық ақша нарығы

2010 жылғы маусымда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 33,9% ұлғайды және баламасы 3842,0 млрд. теңге болды.

Орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің көлемі 23,2% өсіп, 1478,8 млрд. теңгені құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 38,5%-ы). Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2010 жылғы мамырдағы 0,92%-дан 2010 жылғы маусымда 0,83%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 2010 жылғы маусымда 1114,4 млрд. теңгеге дейін 3,5% төмендеді.

2010 жылғы мамырмен салыстырғанда 2010 жылғы маусымда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 62,0% ұлғайып, 12,6 млрд. АҚШ долл. құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 48,3%-ы). Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 0,21%-дан 0,36%-ға дейін өсті.

2010 жылғы маусымда еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2,6 млрд. еуроны құрай отырып, 1,4% ұлғайды (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 12,2%-ы). Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 0,25%-дан 0,26%-ға дейін өсті.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі аз ғана мөлшерде қалып отыр – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,1%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2010 жылғы маусымда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 58,2%-дан 61,5%-ға дейін ұлғайды. Резидент емес банктерде орналастырылған шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 58,0%-дан 61,4%-ға дейін ұлғайды.

7. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы салымдарының жалпы көлемі 2010 жылғы мамырда 7060,0 млрд. теңгеге дейін 0,1% өсті (жыл басынан бері – 7,4%). Заңды

тұлғалардың депозиттері 5121,1 млрд. теңгеге дейін 0,7% ұлғайды (жыл басынан бері – 9,4%), ал жеке тұлғалардың салымдары 1938,8 млрд. теңгеге дейін 1,3% төмендеді (жыл басынан бері – 2,4% өсті).

2010 жылғы мамырда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2770,4 млрд. теңгеге дейін 0,8% өсті, ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 4289,6 млрд. теңгеге дейін 0,3% төмендеді. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2010 жылғы мамырда сәуірмен салыстырғанда 61,0%-дан 60,8%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары бір айда 1990,7 млрд. теңгеге дейін 1,3% төмендеді (жыл басынан бері – 2,8% өсті). Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 1025,6 млрд. теңгеге дейін 2,1% ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 965,1 млрд. теңгеге дейін 4,7% төмендеді. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 49,8%-дан 51,5%-ға дейін көтерілді.

2010 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 3,5%-дан 4,4%-ға дейін, ал жеке тұлғалардың салымдары бойынша 9,5%-дан 10,0%-ға дейін өсті.

8. Кредит нарығы

Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі 2010 жылғы мамырда 7563,7 млрд. теңгеге дейін 0,2% төмендеді (жыл басынан бері 1,1%).

Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша борыштың көлемі 4047,6 млрд. теңгені құрап, 1,6%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы кредиттер бойынша борыштың көлемі 3516,2 млрд. теңгеге дейін 2,2% төмендеді. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы сәуірмен салыстырғанда мамырда 52,6%-дан 53,5%-ға дейін өсті.

Ұзақ мерзімді кредиттеу мамырда 6358,6 млрд. теңгеге дейін 0,4% төмендеді, қысқа мерзімді кредиттеу 1205,1 млрд. теңгеге дейін 0,9% өсті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы сәуірмен салыстырғанда мамырда 84,2%-дан 84,1%-ға дейін азайды.

Заңды тұлғаларға кредиттер бойынша борыш сомасы 2010 жылғы мамырда 5440,1 млрд. теңгені құрай отырып 0,1%-ға төмендеді, (жыл басынан бері 0,4% өсті), жеке тұлғалар бойынша – 2123,6 млрд. теңгеге дейін 0,5% төмендеді (жыл басынан бері 4,6%). Нәтижесінде жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы бір айда 28,2%-дан 28,1%-ға дейін төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік борышы 2010 жылғы сәуірмен салыстырғанда мамырда 1729,8 млрд. теңгеге дейін 0,5% төмендеді (жыл басынан бері 1,3% өсті), бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 22,9% құрайды.

Банктердің экономикаға кредиттері бойынша борыштың неғұрлым айтарлықтай сомасы салалар бойынша алғанда сауда (жалпы көлеміндегі үлесі – 21,4%), құрылыс (18,7%), өнеркәсіп (10,5%) және ауылшаруашылығы (3,7%) сияқты салаларға тиесілі болды.

2010 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 13,6%-дан 14,2%-ға, ал жеке тұлғаларға 19,1%-дан 20,4%-ға дейін өсті.

9. MBA бағдарламасы бойынша Магистратура

2010 жылғы 1 – 30 шілде аралығында Қазақстан Ұлттық Банкінің және Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық университетінің MBA бағдарламасы бойынша магистратурасында (бұдан әрі – Магистратура) оқу үшін 2010/2011 оқу жылына құжаттар қабылдау жүзеге асырылады.

Магистратурада оқу Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті қаражатының есебінен өтеусіз негізде, сол сияқты жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен ақылы негізде жүргізіледі.

Магистратурада оқу өндірістен қол үзіп, күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылады.

Магистратурада 1,5 (бір жарым) жыл оқу мерзімі «Қаржы талдаушысы», «Қаржы тәуекел менеджері», «Сақтандыру бизнесі», «Актуарий» мамандықтары бойынша жүзеге асырылады.

Азаматтарды Магистратураға оқуға қабылдау қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Магистратураға оқуға қабылдау емтихандары 2010 жылғы 1 – 20 тамыз аралығында, қабылдау 2010 жылғы 31 тамызға дейін жүргізіледі.

Барынша жан-жақты ақпаратты Магистратураның www.finmba.kz сайтынан немесе мынадай телефондар бойынша алуға болады: 8 (727) 255 11 79, 8 (727) 299 51 62, 8 (727) 299 51 59.